

Кафедра ережесі

Submitted by abzal on Tue, 01/23/2018 - 16:06

КАФЕДРА ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Бұл регламент ҚР қолданыстағы заңнамаларын, жоғары кәсіби білім берудің білімдік бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелерін, білім беру және сапа саласындағы мемлекеттік стандарттарды, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік және әдістемелік құжаттарын, факультеттің, университеттің Ғылыми кеңес шешімдерін, университет басшылығының ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарды, Университет Жарғысын, ИСО 9001:2008 ХС, сапа менеджменті жүйесі құжаттарын және осы ережені басшылыққа алады.

2. Кафедра университет Кеңесі нұсқауы негізінде ректорының бұйрығымен ұйымдастырылады және жойылады.

3. Кафедра бейініне (профиліне) сай оқытушылық-профессорлық құрамның (ОПҚ) 10 штаттық бірліктен кем емес, олардың 50% ғылыми дәреже, ғылыми атағы болуы тиіс болған жағдайда кафедра болып ұйымдастырылады.

4. Кафедраны ережеге сай ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және педагогикалық, басқарушылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар кафедра меңгерушісі басқарады.

5. Кафедраның штатына кафедра меңгерушісі, профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар және оқу-қосалқы персонал кіреді.

6. Кафедра жұмысының мазмұны мен регламентін кафедраның жылдық және стратегиялық жұмыс жоспарлары анықтайды.

7. Кафедра қызметінің мәселелерін талқылау, тиісті шешімдер қабылдау үшін айына бір реттен кем емес ОПҚ қатысуымен кафедра отырысы өткізіледі. Кафедра отырысына басқа ұйымдардың, факультет деканатының, кафедралардың өкілдері шақырыла алады.

2. Негізгі ұғымдар және олардың анықтамалары

1. Кафедра бір немесе бірнеше ұқсас пәндері бойынша оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, жаңа білім беру технологиялары мен инновациялық жобаларды әзірлеу және ендіру, білім алушылар арасында тәрбие жұмыстарын, сонымен қатар ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мен қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын университеттің негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Кафедра меңгерушісі – кафедрада басшылық жасауды жүзеге асырушы лауазымды тұлға. Кафедра меңгерушісі оқытушы-профессорлық құрамына жатқызылады.

3. Негізгі бөлім

1. Кафедра ұлттық және жалпы адамға, тән құндылықтар мен ғылыми және тәжірибелік жетістіктер негізінде білім алушыларды қалыптастыру, дамыту және кәсіби дайындау мақсатында оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлы және мақсатты түрде жүргізеді.

2. Кафедра қызметінің негізгі міндеттері:

- кафедраның мамандар даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша даму стратегиясын жасайды, жұмыс берушілермен, білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайтады және дамытады;
- білім беру қызметінің және кафедраның мамандар даярлау бағыттары мен мамандықтарының нарығын зерделейді;
- университеттің сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге және ендіруге, сонымен қоса оның нәтижелілігін ұдайы жақсартып отыруға қатысады;
- оқу үдерісін жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық әдістер мен оқыту құралдарын айқындай алады. Оқытудың барлық түрлері бойынша барлық оқыту сабақтарының өткізілуін ұйымдастырады;
- жоспарланған және ағымдағы қызметкерлердің оқу, ғылыми, әдістемелік мәселелерін талқылау бойынша кафедра отырысын өткізеді;
- кафедра пәндері бойынша оқу бағдарламаларын бекітеді. Факультет кафедраларындағы оқу бағдарламалары бойынша қорытындылар дайындайды;
- кафедра жұмысының жоспары мен кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларын бекітеді;
- кафедра қызметкерлерінің арасында педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады, олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жасайды;
- оқыту сабақтарын өткізуде оқытудың қазіргі техникалық құралдарын таңдауды жүзеге асырып, оны пайдалану мүмкіндігін жасайды;
- оқыту сабақтарының барлық түрлерін жүргізеді, курстық және дипломдық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық етеді;
- студенттердің танысушылық, оқытушылық-өндірістік және педагогикалық практикасын, ұйымдастырады және басшылық жасайды, курстық және дипломдық жұмысқа басшылық жасайды;
- жекелеген пәндер бойынша студенттерге емтихандарды, сынақтарды, сондай-ақ, аралық бақылауды өткізуді қамтамасыз етеді. Олардың нәтижелеріне талдау жасап, кафедра мәжілістерінде баяндайды;
- кафедрада ғылыми-зерттеу жұмысының өткізілуін ұйымдастырады, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасайды. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен олардың ғылыми нәтижелерін ғылымға енгізу мүмкіндіктерін талқылайды. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерді баспада жариялауды қамтамасыз етеді;
- оқулықтарға, оқу құралдарына, әдістемелік құралдарға қорытындылар дайындауды қамтамасыз етеді;
- оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады;
- кафедрадағы оқытушылар мен басқа да қызметкерлердің жеке жұмыс жоспарларының сапасы мен орындалуына бақылау жасайды;
- кафедраның педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады;
- кафедра оқытушыларының тәжірибесін зерттейді, жинақтайды және таратады;
- жұмысты жаңа бастаған оқытушыларға оқыту және әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетеді. Ғылыми педагог мамандарды дайындауға басшылық жасайды;
- кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруды жоспарлайды;

- дайындық бағыттары бойынша және ЖОО аралық деңгейде оқу-әдістемелік комиссияларының жұмысына қатысады;
- ғылыми-әдістемелік көмек көрсету мақсатында білім беру ұйымдарымен және басқа да ұйымдарымен байланыс орнатады;
- кафедраның, факультеттің, жоғары оқу орнының халықаралық қызметіне қатысады және қамтамасыз етеді;
- кафедраның барлық құжаттарының және есептерінің дайындалуын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- кафедра жұмысының қорытындысы бойынша есеп береді,
- факультет студенттері мен кафедралардың оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды;
- еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды;
- кафедра ұжымының корпоративтік мәдениетін тиісті деңгейде нығайтады және қолдайды;
- бекітілген тәртіппен кафедра қызметкерлерін жұмыс нәтижелері бойынша материалдық және моральдық қолдау көрсетуге ұсынады;
- пән бойынша қорытынды бақылаудың сұрақтарына, оның мазмұнына және сапасына жауап береді.

4.Кафедра меңгерушісі құқылы:

- өз өкілеттіліктері шегінде кафедраның барлық қызметкерлері мен студенттерімен орындалуға міндетті кафедра бойынша оның қызметін реттейтін өкімдер шығаруға;
- кафедра қызметкерлерінің кәсіби қызметі үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге;
- кафедра қызметінің мәселелері талқыланып, шешілетін университеттің барлық бөлімшелерінің жұмыстарына қатысуға;
- бекітілген тәртіппен біліктілігін арттыруға;
- бекітілген тәртіппен халықаралық және республикалық конференциялар мен оқу-әдістемелік жиналыстарға қатысуға;
- факультет кеңесіне, басқарудың басқа ұжымдық органдарына сайлануға;
- факультет, университет кеңесіне кафедраны ұйымдастыру және басқару бойынша ұсыныстар беруге;
- кафедраны кадрмен қамтамасыз ету бойынша шешім қабылдау, оның сапалы құрамы бойынша ұсыныстар беруге;
- кафедраның және оның қызметкерлерінің кез келген жұмыс жоспарына, жұмыс бағдарламаларына және басқа оқу құжаттарына олардың бекітілген тәртіппен кезекті бекітілуімен қажетті түзетулер енгізуге;
- кафедра қарауына оның оқытушылық, ғылыми және басқа қызметтерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- орындалатын жұмыстың кез келген түрі бойынша кафедра қызметкерлерінен жазбаша есеп талап етуге;

- бекітілген тәртіппен университет басшылығына кафедра штатына қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан шығару және кафедра қызметкерлері лауазымына орналастыру, оларды моральдық және материалдық қолдау, қызметкерге оны жұмыстан босатуға дейін жаза қолдану туралы ұсыныстар беруге.

5. Кафедра меңгерушісі мынандай жұмыстарға жауапты:

- кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және тәрбие жұмысының ұйымдастырылуының төмен деңгейіне;

- мамандық бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделгеннен аз көлемде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға;

- кафедрамен бекітілген пәндер мен мамандықтар бойынша мамандарды даярлау сапасының төмендігіне;

- кафедра қызметкерлері мен студенттердің құқықтары мен академиялық бостандықтарының бұзылуына;

- қолданыстағы ҚР еңбек заңнамасы шегінде анықталған осы қызметтік нұсқауда қарастырылған өзінің қызметтік лауазымдық міндеттерін дұрыс орындамау немесе орындамау;

- кафедра қарамағындағы ғимараттарда оқыту сабақтары кезінде студенттер мен кафедра қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз етпеу;

- қарамағындағы құрылымдық бөлімшелер мен бекітілген ғимараттарда өрт қауіпсіздігі мен өртке қарсы шараларды орындауды лайықсыз қамтамасыз ету;

- қажетті мәліметтің сенімділігі мен объективтілігіне;

- қаржылық, штаттық тәртіптің, университет жарғысының және кафедра туралы ереженің бұзылуы;

- оқу үдерісін және ғылыми қызметті қамтамасыз ету үшін кафедраға жедел басқару құқығына берілген құрал-жабдықтың сақталуы мен қызмет етуінің сақталмауы;

- ҚР қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамалары шегінде анықталған материалдық залал келтіру;

- ҚР қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамалары шегінде анықталған өз қызметін жүзеге асыру процесінде болған құқық бұзушылықтар;

- кафедра қызметінің жағдайы мен нәтижелеріне.